



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 47 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2012 жылғы 4 желтоқсан**

*Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкіні «2011 жылғы ең үздік банкнот»
номинациясында марапаттау рәсімі*

2012 жылғы 4 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіні «2011 жылғы ең үздік банкнот» номинациясында марапаттау рәсімі өтті. Бұл марапатты 2012 жылғы сәуірде Халықаралық банкнот қоғамдастығы (International Bank Note Society) 2011 жылдың ең үздік банкнотына берді.

Халықаралық банкнот қоғамдастығы (IBNS) – бүкіл әлемнің банкнот коллекционерлерінің тәуелсіз бірлестігі, олар жыл сайын өздерінің theibns.org. сайтында интернет-дауыс беру арқылы жылдың ең үздік банкнотын таңдайды. Бұл коммерциялық емес ұйым 51 жыл бойы жұмыс істеуде және оның бүкіл әлем бойынша 2000 мүшесі бар. Бұл ұйым қызметінің мақсаты бүкіл әлемнің банкноттары мен қағаз ақшасын білім беру, ғылыми және тарихи аспектілерде зерделеу болып табылады.

2011 жылы шығарылған 12 елдің жаңа дизайндағы айналыстағы банкноттарын IBNS Директорлар кеңесі дауыс салуға ұсынды.

100 банкноттың ішінде жеңімпазды таңдаған кезде негізгі критерийлер бірегей дизайны, көркемдік орындалуы, бояудың, реңктің және теңгерімнің үйлесуі, сондай-ақ қорғаныш белгілері аясында дизайнының ерекшелігі болды.

2011 жылы жеңіске жеткен номиналы 10 000 теңгелік банкноттың дизайнын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шетелдік әріптес, De La Rue компаниясымен бірлесіп жасады. Бұл банкнотты шығару Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған. Банкнот Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасында басып шығарылды және 2011 жылғы 4 шілдеде 30 миллион дана санмен айналысқа шығарылды.

Марапаттың маңыздылығы жеңімпазды таңдаудың қандай да болмасын банкнотты алға шығаруға мүдделі емес адамдармен жүзеге асырылуында және банкноттың дизайнын эстетикалық тұрғыдан қабылдауға, басып шығару сапасына және қолдан жасаудан қорғаудың қолданылған тәсілдеріне негізделеді.

*Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:
+7 (727) 270-46-39, +7 (727) 330-24-52; E-mail: press@nationalbank.kz,
www.nationalbank.kz*